

ПРЕЗЕНТАЦИЯ

Тақырып: Қазақстандағы экономикалық дағдарыс

Қабылдаған: Тасқынбаева С.М.

Тобы: 202МІК

Орындаған: Жүсіпова А.Б.

Жоспар:

- * Кіріспе

- * Негізгі бөлім:

Қазақстандағы дағдарыс

Қазақстандағы дағдарыстың себептері

Дағдарыстан шығу жолдары

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер

Кіріспе

- * Кез келген елдерде сияқты, Қазақстанда да экономикалық дағдарыс өз түзетулерін еңгізді. Қаржылық дағдарыс экономикалық дағдарысқа ұласты. Әлемдік экономиканың құлдырауы барлық дерлік шикізаттарға деген сұраныстың, соның салдарынан олардың бағаларының күрт төмендеуіне алып келді. Отандық және шетелдік ғылыми, көпшілік басылымдарда ғалымдардың, саясаткерлердің ғаламдық дағдарыстың себептері, салдары, одан шығу жолдары туралы түсініктер, пікірлер көптеп айтылуда. Ғалым-экономистердің осы тұрғыдағы көзқарастарын тұжырымдай келе әлемдік дағдарыстың негізгі себептерін атап айтуға болады:

Әлемдік экономиканың, әсіресе – қаржының, ғаламдануы.

Әлемдік экономиканың жаһандануы – шаруашылық өмірдің интернационалдануының ең жаңа сатысы. Әлемдік экономиканың жаһандануының жалпы жұрт қабылдаған анықтамасы жоқ. Қазіргі әлемдік экономика ұлттық экономикалардың барған сайын біте қайнасуымен сипатталады. 19 ғасырдың аяғында басталған интернационалдану жаңа сатыға аяқ басып, бірыңғай жаһандық әлемдік шаруашылық қалыптасты. 1980 – 90 жылдары өндіріс аялары мен салалары бойынша дағдылы мамандануға ғана емес, сонымен қатар компоненттерді, тораптарды, бөлшектерді әлемдік нарыққа шығарып, жеткізуге де маманданған мүлде жаңа халықаралық еңбек бөлінісі қалыптасты.

Мұнай бағасының өзіндік ерекше қалыптасуы және оның бүкіл қаржы сферасына әсер етуі. Баға қалыптасуының «классикалық» тәртіптен ауытқуы.

9-қазан күні Brent маркалы мұнай бағасы 88,44 доллар/баррельге төмендеп, әлем елдерін тағы бір алаңдатып қойды. Мұндай алаң күй кешіп отырған елдердің бірі – Қазақстан. Өйткені еліміздің бүкіл экономикасы тұтастай мұнайға тәуелді. Мұнай бағасының төмендеуі мен мұнай экспортының азаюы – Қазақстан үшін экономикалық соққы болып тиетіні белгілі. Бұған статистикалық көрсеткіштер де дәлел. Қараңыз, ел экспортының 80 пайызын минералды тауарлар құрайтын болса, солардың 73 пайызын мұнай құрайды. Тиісінше, мұнай бағасының төмендеуі – теңгенің құлдырауына, экономиканың әлсіреуіне, жалпы ішкі өнімнің азаюына алғышарт болып табылады.

Банктердің және
трансконтиненталды
корпорациялардың шексіз
үлкейіп кетуі нарықтық
қатынастардың қозғаушы күші
– бәсекелестікті басып тастауы.

2014 жылғы қарашаның соңына қарай еліміздің сыртқы өтімділігі (Ұлттық қордағы активтер және халықаралық қорлар сомасы) өзінің тарихи максимумы - 105,4 млрд АҚШ долларына жетті. 2014 жылғы желтоқсаннан бастап қорлар төмендей бастады, қазір олар 98,7 млрд АҚШ долларына тең, яғни, 6,7 млрд долларға азайған. 2015 жылы қазан айында 23,2 млрд. долл. желтоқсан айында 23,5 млрд АҚШ долларына тең. Мұны теңге бағамын ұстаудың жанама дәлелі деп есептеуге болады. Шынайы тиімді айырбас бағамының индикаторына қарасақ, девальвация алдында теңгенің шынайы айырбас бағамы шетел валюталарымен салыстырғанда өзінің ең жоғарғы шегіне жеткен болатын. Дәл солай 1999, 2009, 2014 жылдарда болған еді.

Халықаралық қаржылық
институттар қызметтеріндегі
тығырыққа таяну.

Ұлттық банктердің жұмысын реттеу
және бақылау ісіндегі кемшіліктер.

Қазақстан экономикасындағы дағдарыстың ерекшелігі – ол монетарлық емес, құрылымдық екенін көптеген отандық ғалымдар мойындап отыр. Сондықтан жалғыз қаржылық манипуляциялар арқылы ғаламдық дағдарысты түпкілікті жеңіп, дамудың тұрақты жолына шығу мүмкін емес. Осы тұрғыда Қазақстан Республикасының Президентінің 2009 жылдың 6 наурызындағы жолдауында елдің дамуының негізгі бағыттарының бірі инновациялық экономиканы құру және оның шикізаттық емес секторын дамыту болып қала беретіні аталып өтті. Қазақстандағы қалыптасқан технологиялық құрылым әлемдік стандарттардан алыс. Қазақстанда өндіріс негізінен ескі технология және ескірген техникаға негізделеді. Экономиканың құрылымында қазіргі заманға сай ғылыми сиымды өндіріс жоқ.



- * 2015 жылғы қазанда күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасы 21226 теңгені құрады, ал, азық-түлік тауарларының бағасы 2014 жылғы қазанмен салыстырғанда 8% өсті. 2015 жылғы қазанда өнеркәсіп өнімдерін өндіруші кәсіпорындар бағасы 5,4 пайызға жоғарылады. Сондықтан, еліміздегі экономикалық ахуалды жақсарту және отандық өндірісті дамыту үшін доллардың бағамын көтеру тиімді болады. Девальвация сондай-ақ отандық өнеркәсіпке өз нарығымыздағы шетелдік компанияларды ығыстыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, әлемдік дағдарыспен күрес аясында Үкімет экспортқа бағытталған салаларды дамытуды, аграрлық сектордың белсенділігін арттыруды ойлап отыр. Бұл жерде бізге девальвация қажет! Өйткені теңгенің бағамын төмендету саудалық сальдоны жақсартып, бізге капиталдың ағылуына мүмкіндік береді.

ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына
Жолдауы: «ҚАЗАҚСТАН ЖАҢА ЖАҒАНДЫҚ НАҚТЫ АХУАЛДА: ӨСІМ,
РЕФОРМАЛАР, ДАМУ»

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ 7 МҮМКІНДІГІ

Жаһандық дағдарыс – жаңа мүмкіндіктер. Қазақстан дағдарысқа қарсы стратегияны алғаш рет қолданып отыр.

Индустриялық-инновациялық дамудың екінші бесжылдығы – шикізатқа тәуелсіз экономика

«100 нақты қадам»

Ұлт Жоспарын іске асыру

- 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап Ұлт жобасын іске асыруға бағытталған 80-нен астам заң күшіне енеді;
- ШОБ-тың өкімшілік кедергілері жойылады, мемлекеттік басқару, білім беру және денсаулық сақтау жетілдіріледі

Мемлекет басшысының тапсырмасымен мұнай бағасының баррелі 20-30 долларға дейін арзандаған жағдайда шаралар өзірленді қолданылатын

Қазақстандықтардың экономикалық тәртібі 60%-ға артты өзгеріп, еңбек өнімділігі

Инновациялық индустрияландыру аясында экономиканың жаңа секторлары экономикалық өсудің драйверлеріне айналмақ

5 жыл ішінде:

- өңдеу өнеркәсібі 1,3 есе, химиялық өнеркәсіп пен құрылыс материалдар өндірісі – 1,7 есе артты
- Көлік құрастыру өнімдерін шығару 2,2 есе, экспорт 3 есе ұлғайды
- 800-ден астам индустриялық жоба іске асты

2015 жылы:

- металлургия өнеркәсібі 13%-ға, химиялық өнеркәсіп 3,2%-ға өсті
- минералды өнімдер өндірісі 3,2%-ға, жем өндірісі 4%-ға артты
- Дүниежүзілік банк, Азиялық даму бані 2016 жылы Қазақстанның қаржыны дамытынын болжап отыр.

Қажетті мемлекеттік қор мен алтын-валюта резерві жиналды

«Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы

- * Қазіргі экономикалық жағдайда экономиканы тұрақтандыру және даму қарқынын көтерудің мақсатты саясатын іске асыру өнеркәсіптің дамуынсыз мүмкін емес, себебі гүлденген және қарқынды дамыған қоғамның іргетасы тек шикізат секторымен шектелмеген қазіргі бәсекеге қабілетті және ашық нарықтық экономика болуы мүмкін. Мемлекет дағдарыстың барлық шараларын жасауда. Дағдарысқа қарсы бағдарламаның бес бағытына байланысты – қаржы секторы, құрылыс саласы, шағын және орта бизнес, агроөнеркәсіп кешені, инновациялық-индустриялық даму – Президент Үкіметке тапсырыстарында келесі мәселелерге ерекше көңіл аударды: отандық өнім өндірушілерді қолдау қажеттігіне, оларға мемлекеттік сатып алуда басымдық беруіне; Қазақстанда жұмыс істейтін шетелдік кәсіпорындардағы жұмыссыздықтың өсуіне және жұмыс орындарының қысқаруын болдырмауына; ауыл шаруашылық шикізаттарын өндірушілердің қаржы айналымына мұқтаждығын жедел қамтамасыз етуіне және т.б.

Қорытынды

- * Қорытындылай келе, Ұлттық валютаны енгізгеннен кейін экономиканың тұрақтылығына, бағаның қалыпты жағдайға келуіне қол жеткізуіміз қажет, өнеркәсіп өндірістерінің дамуы аймақтағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды сипаттайтын көрсеткіштердің өзгеруіне өз әсерін тигізіп, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайының жоғарылауының бірден-бір факторы бола алады деп айта аламыз.

- * «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 199. Кенжеғозин М.Б. “Экономика”, 2-том. Алматы, 2006. 437бет.
- * Сүлейменов.О. “Адам баласының ақылы жетсе де, мәдениеті
- * .Қалдыбаев О., Теміров Е. “Нарықтық экономикалық анықтамалық”. Алматы
- * Жүкешев Қ.М. “Адам. Қоғам. Құқық”. Алматы, 2005. 255бет.
- * Күнқожаев Н. “Адам және қоғам”. Алматы, 2003. 8 ISBN 5-89800-123-9, X том